

2011-2012 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдерін айқындау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 6 желтоқсандағы N 591 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 23 желтоқсанда N 14-6-151 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 2013 жылғы 29 қаңтардағы № 166 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімі аппаратының 29.01.2013 № 166 хатымен).

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 4 наурыздағы N 221 «Өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруға жергілікті бюджеттерден субсидиялау қағидасын бекіту туралы» қаулысына сәйкес Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазығұрт ауданы бойынша 2011–2012 жылдарға арналған субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қазаннан туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары М.Момыновқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Т.С.Алиев

Қазығұрт ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 06 желтоқсандағы

N 591 қаулысына қосымша

**Қазығұрт ауданы бойынша 2011 - 2012 жылдарға арналған
субсидияланатын басым ауылшаруашылық дақылдарының түрлері
бойынша егістіктің оңтайлы себу мерзімдері**

N	Дақылдар түрі	Оңтайлы мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1	Күздік бидай	05.10.2011	30.11.2011	Тәлімі және суармалы жер, жылдың қалыптасқан ауа райы-климаттық жағдайын ескере отырып
		10.10.2011	30.10.2011	
2	Жаздық бидай	25.02.2012	10.04.2012	Тәлімі жер
3	Дәндік және сүрлемдік жүгері	15.04.2012	10.05.2012	Суармалы жер
4	Жоңышқа	01.03.2012	10.04.2012	Тәлімі және суармалы жер
5	Максары	01.03.2012	10.04.2012	Тәлімі жер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК